

# KASE

## АПТАЛЫҒЫ

16–20 қаңтар  
2023

### KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- KASE 2022 жылдың қорытындысы бойынша баспасөз конференциясын [өткізді](#).
- Маркет-мейкерлер қызметінің [ережелеріне](#) енгізілген түзетулер қолданысқа енгізілді.
- KASE ресми тізіміне "Кредит time" МҚҰ" ЖШС [KZ2P00009186](#) (MFKTb3) облигациялары және Азия даму банкінің [XS2571803019](#) (ASDBe13) халықаралық облигациялары енгізілді.
- Айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты KASE ресми тізімінен "ҚазАгроҚаржы" АҚ [KZ2C00002749](#) (KAFIb3) облигациялары шығарылды.
- KASE ресми тізімінен олардың эмитентінің бастамасы бойынша "Қазақстан инжиниринг "Ұлттық компаниясы" АҚ [KZ2C00006674](#) (KZENb2) облигациялары шығарылды.
- KASE-де "Кредит Time "МҚҰ" ЖШС [KZ2P00009186](#) (MFKTb3) облигацияларымен және "ЮНИКРЕДО" МҚҰ" ЖШС [KZ2P00009103](#) (MFUCb2) облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- KASE-де Pfizer Inc. [US7170811035](#) (PFE\_KZ) жай акцияларымен және АҚШ Қаржы министрлігінің US912810FJ26 (US\_04\_2908) және US91282CCT62 (US\_09\_2408) халықаралық [облигацияларымен](#) сауда-саттық тоқтатылды.
- KASE-де Abbott Lab. [US0028241000](#) (ABT\_KZ) және Freeport-McMoRan Inc. [Us35671d8570](#) (FCX\_KZ) жай акцияларымен сауда-саттық қайта басталды.

### ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-де 1,5 млрд МЕККАМ-12 153-ші шығарылымын ([KZK100000282](#), MKM012\_0153), 35,4 млн МЕОКАМ-60 54-ші шығарылымын ([KZK200000737](#), MOM060\_0054) және 10,0 млн МЕУКАМ-132 жетінші шығарылымын ([KZKD00001152](#), MUM132\_0007) орналастырды.
- "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ [KZ2C00008910](#) (KFUSb45), [KZ2C00008936](#) (KFUSb47) және [KZ2C00008944](#) (KFUSb48) облигацияларын KASE-де орналастыру арқылы 23,8 млрд теңге тартты.
- "KEGOC" АҚ 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында KZ1C00000959 (KEGC) жай акциялары бойынша дивидендтер [төледі](#).
- "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ 2021 жылға KZ000A0LE0S4 (HSBK) жай акциялары бойынша дивидендтер төлеудің аяқталғаны туралы [хабарлайды](#).
- "BCC Invest" АҚ ЦентрКредит-валюта" ИИПҚ KZPF00000058 (BCCI\_cc) пайларын ұстаушыларға 2022 жылдың қазан-желтоқсан айларында " дивидендтер төленгені туралы [хабарлады](#).
- "Қазына Капитал Менеджмент" АҚ атауы [өзгертілді](#).




20.01.2023	KASE Индексі	3 300,28	Трендтер (%)	
			0,4	2,8
<b>Өтімділіктің бірінші сыныбы</b>	<b>Бағасы</b>		<b>Δ 7к</b>	<b>Δ 1а</b>
АО "Баян Сулу"	428,50		43,3	45,2
Freedom Holding Corp.	64,67		16,1	6,0
Intel Corporation	29,85		13,3	- 1,0
Meta Platforms, Inc.	135,59		12,5	13,0
АО "ForteBank"	4,43		8,6	23,7
NOSTRUM OIL & GAS PLC	24,42		7,0	25,2
АО "НАК "Казатомпром"	13 510,02		4,9	4,7
Apple Inc.	134,05		3,2	- 7,6
Advanced Micro Devices, Inc.	69,75		2,9	- 10,6
Ford Motor Company	14,25		2,6	- 5,1
American Airlines	16,30		1,9	- 4,2
АО "Народный банк Казахстана"	128,91		1,9	- 0,4
АО "НК "КазМунайГаз"	9 548,00		1,3	4,3
АО Kaspi.kz	33 603,36		1,2	- 0,4
АО "Кселл"	1 744,70		1,1	11,9
АО "Казхтэлеком"	28 400,00		0,1	2,9
АО "Банк ЦентрКредит"	365,64		- 0,0	4,9
АО "KEGOC"	1 615,06		- 0,3	2,7
АО "KM GOLD"	174,00		- 0,6	- 1,1
АО "Банк ЦентрКредит"	631,00		- 1,4	2,3
АО "КазТрансОйл"	718,50		- 2,1	18,6
АО "БАСТ"	10 298,00		- 3,7	- 10,5
Yandex N.V.	11 289,99		- 7,5	- 24,4

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

### KASE Индексінің акциялары



### Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



2023 жылдың 18 қаңтарында Қазақстан қор биржасы (KASE) биржалық нарықтың 2022 жылдағы қызметінің қорытындыларына арналған баспасөз конференциясын өткізді.

KASE сауда-саттығының жиынтық көлемі 2022 жылы 261,6 трлн теңгені құрады және 2021 жылға қарағанда 50,0 %-ға немесе 87,2 трлн теңгеге өсті.

2022 жылы Қазақстан қор биржасында акциялармен сауда-саттық көлемі 307,3 млрд теңгені құрады және 2021 жылға қарағанда 27,3 %-ға төмендеді.

Қазақстан қор биржасында корпоративтік облигациялармен сауда-саттық көлемі 2 488,8 млрд теңгені құрады және 2021 жылға қарағанда 25,6 %-ға өсті.

2022 жылы МБҚ- мен сауда-саттық көлемі (репо операциялары нарығындағы мәмілелерді қоспағанда) 6 004,3 млрд теңгені құрады және 2021 жылға қарағанда 67,9 %-ға өсті.

Қазақстан қор биржасында инвестициялық қорлардың бағалы қағаздарымен сауда-саттық көлемі 8,8 млрд теңгені құрады және 2021 жылға қарағанда 76,8 %-ға төмендеді.

2022 жылы Қазақстан қор биржасының шетел валюталарының спот-нарығындағы сауда-саттық көлемі 20 798,1 млрд теңгені құрады және 2021 жылға қарағанда 33,6 %-ға өсті.


05.01.2022-31.12.2022 аралығындағы кезеңде барлық биржалық мәмілелер бойынша есептелген теңгенің АҚШ долларына шаққандағы орташа сараланған бағамы бір АҚШ доллары үшін 461,75 теңгені құрады.

2022 жылы репо және валюталық своп операциялары нарығын қамтитын Қазақстан қор биржасының ақша нарығындағы сауда-саттық көлемі 231 834,4 млрд теңгеге жетті және 2021 жылға қарағанда 51,9 %-ға өсті.




13-20 қаңтар аралығында мемлекеттік бағалы қағаздармен (МБҚ) бір күнге РЕПО операцияларының кірістілігі (TONIA) өзгерген жоқ және жылдық 15,76 % құрады. Қаралып отырған кезеңде бір күн мерзімге АҚШ доллары кепілімен теңгені (SWAP-1D (USD)) қарыз алу мөлшерлемесі 15,8 %-дан 16,14 %-ға дейін өсті.


### Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



### ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



### Тәуекелсіз қысққ кірістілігі





Сауда-саттық қорытындысы бойынша, 23 қаңтарда теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 0,1%-ға (462,55 теңгеден) әлсіреп, 1 АҚШ доллары үшін 462,55 теңге деңгейінде қалыптасты.


2023 жылғы 13-20 қаңтар аралығында сыртқы валюта нарығында бірқатар маңызды оқиға болды. Инфляция туралы деректердің шығуы аясында АҚШ ФРЖ мөлшерлемесінің өсу қарқынының бәсеңдейтінін күту АҚШ долларының жаһандық индексіне теріс әсер етті. Алдыңғы отырыста 10 жылдық МБҚ кірістілігінің ауытқу диапазоны күтпеген жерден +/-0,5%-ға дейін кеңейтілген соң инвесторлардың мемлекеттік облигациялардың кірістілік қисығын бақылау саясатының өзгеруі туралы күтуіне қарамастан Жапония банкі АКС-тың бұрынғы параметрлерін сақтап қалды. АҚШ-тағы өнеркәсіптік өндіріс желтоқсанда а/а 0,7%-ға, бөлшек сату а/а 1,1%-ға төмендеді, бұл экономикалық белсенділіктің бәсеңдеуі мүмкін екенін көрсетеді. Аталған факторлар дамушы нарықтардағы валюталардың әртүрлі бағыттағы динамикасына алып келді.

Дамушы елдердегі АҚШ долларына қатысты валюталар бағамының динамикасы төмендегідей қалыптасты:

- Индонезия рупиясы бейрезиденттердің Индонезия МБҚ нарығына оралуы аясында 0,5%-ға (15 149-дан 15 075-ке дейін) нығайды. Жаһандық қорлар Индонезияның соңғы МБҚ аукционында орналастыру көлемінің 47%-ын құрады, бұл олардың 2019 жылғы маусымнан бастап ең көп қатысқанын білдіреді;
- үнді рупиясы бейрезиденттердің борыш нарығына келуі аясында 0,3%-ға (81,34-тен 81,13-ке дейін) нығайды;
- түрік лирасы Орталық банктің мөлшерлемені 9% деңгейінде сақтау жөніндегі шешіміне қарамастан, 0,1%-ға (18,79-дан 18,77-ге дейін) нығайды. Орталық банк мөлшерлеме одан әрі төмендеуі мүмкін деген белгі берді;
- Ресей рублі демалыс күндерінің алдында нарыққа қатысушылар позицияларының жабылуы аясында 0,1%-ға (68,79-дан 68,83-ке дейін) әлсіреді;
- Мексика песосы АҚШ экономикасының перспективасына қатысты қауіптену аясында 0,5%-ға (18,77-ден 18,87-ге дейін) әлсіреді;
- Оңтүстік Африка ранды желтоқсанда инфляцияның а/а 7,2%-ға дейін бәсеңдегені туралы деректер шыққаннан кейін Орталық банктің мөлшерлемені одан әрі арттыруын күтудің төмендеуі аясында 1,8%-ға (16,83-тен 17,13-ке дейін) әлсіреді;
- Бразилия реалы теріс тәуекел сентименті және Президенттің Орталық банк тәуелсіздігінің маңыздылығын төмендету туралы түсініктемесі аясында 2,2%-ға (5,1-ден 5,21-ге дейін) әлсіреді.

### Шетел валюталарының бағамы динамикасы


Δ %, база (01.01.23)



	Бағасы	Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2023, %
— GBPKZT	570,79	0,98	0,18	2,76
— USDKZT	462,55	0,06	-1,37	0,39
— EURKZT	500,85	-0,07	0,39	2,00
— CNYKZT	68,20	-0,92	1,23	3,04
— RUBKZT	6,74	-1,89	-1,03	4,67

### Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс 7к
		7к	1а	1ж	
S&P 500	3 972,61	-0,7	2,4	-11,4	-0,7
Dow Jones	33 375,49	-2,7	0,0	-3,9	-2,7
PTC	991,88	-1,8	5,5	-31,6	-1,4
ММББ	2 285,53	0,0	0,0	0,0	-1,4
Hang Seng	22 044,65	1,4	15,1	-11,7	0,9
SS CSI 300	4 181,53	2,6	9,2	-13,3	2,9
Euro Stoxx 50	4 119,90	-0,7	6,4	-4,2	-0,8
FTSEuroFirst	4 797,50	-0,4	5,3	-1,5	-0,3
FTSE 100	7 770,59	-0,9	3,6	2,4	-1,1
KASE	3 300,28	0,4	2,8	-5,2	

Шикізат нарығы

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	87,63	2,8	6,6	-0,8
Мұнай (WTI)	81,31	1,8	3,9	-6,4
Табиғи газ	3,17	-7,2	-40,5	-16,5
Мыс	425,15	0,8	11,7	-7,2
Темір	871,00	-2,8	4,8	16,4
Алтын	1 926,08	0,3	6,0	4,5
Күміс	23,94	-1,8	-0,4	-3,2
Астық	741,50	-0,3	-3,4	-6,2

20.01.2023

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

		Валюта	Болжам	Алдыңғы
23.01	ЕОБ төрағасы Лагард 23, 24 және 27 қаңтарда сөз сөйлейді	EUR		
24.01	Германияның өндірістік секторындағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (қаңтар)	EUR	47,9	47,1
25.01	Германияның IFO Іскерлік климат индексі (қаңтар)	EUR	90,2	88,6
26.01	Ұзақ пайдаланылатын тауарларға базалық тапсырыстар (a/a) (желт.)	USD	-0,2%	0,1%
26.01	ЖІӨ (тоқ/тоқ) (4 тоқ.)	USD	2,6%	3,2%
26.01	Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінімдердің саны	USD	205K	190K
27.01	Жеке тұтыну шығыстарының базалық баға индексі (a/a) (желт.)	USD	0,3%	0,2%

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

В – миллиард  
М – миллион  
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Алдыңғы ай
Жылдық инфляция	20,3%	01.01.23	19,6%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	35,1	01.01.23	34,0
Ақша базасы, млрд KZT	11 874,4	01.01.23	11 719,9
Ақша масса, млрд KZT	34 295,9	01.01.23	32 768,4

Қазақстанның несие рейтингі

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
<b>S&amp;P Global</b>	BBB-/A-3 негативті	02.09.22	BBB-/A-3 әлсіз
<b>Moody's</b>	Ваа2/әлсіз	11.08.21	Ваа3/позитивті
<b>FitchRatings</b>	BBB/әлсіз	02.12.22	BBB/әлсіз



## "Қазақстан қор биржасы" АҚ

**Мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы,  
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ  
"Almaty Towers"

**Тел.:** +7 (727) 237 53 00




**Корпоративтік веб-сайт**



**Бізбен байланысыңыз**



**Листингілік компаниялардың  
корпоративтік оқиғалар  
күнтізбесі**



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына көпілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламан жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.